

Дүниежүзілік туризм ұйымының Бас Хатшысы Франческо Франжиаллидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 17 сәуірдегі N 62-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Дүниежүзілік туризм ұйымы (бұдан әрі - ДТҰ) арасындағы ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 22-25 сәуірде Алматы қаласында ДТҰ-ның Бас Хатшысы Франческо Франжиаллидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

2003 жылғы 22-25 сәуір кезеңінде Алматы қаласында ДТҰ-ның Бас Хатшысы Франческо Франжиаллидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізу шығыстарына қаржы, соның ішінде қонақ үйде тұруға 351896 (үш жүз елу бір мың сегіз жүз тоқсан алты) теңге б ө л с і н ;

қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігімен бірлесіп, ДТҰ-ның ресми делегациясының мүшелерін күтіп алу, орналастыру, тамақтандыру, көліктік қызмет көрсету және оларды шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) ДТҰ-ның ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласының әкімі сапар шеңберінде белгіленген іс-шаралардың өтуіне жәрдемдесуді қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 7

с ә у і р д е г і

ДТҰ-ның ресми делегациясы мүшелерін күтіп алу, орналастыру, тамақтандыру, көліктік қызмет көрсету және оларды шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. ДТҰ-ның ресми делегациясының мүшелерін (1+1) және бірге жүретін адамдарды Алматы қаласында "Риджент Алматы" қонақ үйінде орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Риджент Алматы" қонақ үйінде орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арналған арнайы рұқсатнамалар, кувертка карталары) дайындау.

4. ДТҰ-ның делегациясы үшін белгіленген тәртіппен сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Алматы қаласының әуежайында (VIP-залы, жалаулар, шай дастарханы) ДТҰ-ның ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу рәсімдерін техникалық безендіру.

6. ДТҰ Бас Хатшысының Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысы - Сыртқы істер министрімен кездесуін ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында баспасөз конференциясын ұйымдастыру.

8. ДТҰ ресми делегациясы мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.